



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__ г.

№ _____

05.06.2019-ғы № 17-9/1157 дз шығыс хаты
05.06.2019-ғы № 2672//17-9/1157дз/ДС-80 кіріс хаты

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2019 жылғы 8 мамырдағы № ДС-80 хатына

Құрметті депутаттар!

Сіздің елдегі құрылыс жұмыстарының сапасына қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Барлық көппәтерлі тұрғын үйлер мен әлеуметтік сала объектілерін бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер тізбесіне енгізу мәселесі бойынша

100 нақты қадам - Ұлт жоспарының 47-қадамын орындау шеңберінде Үкімет жобаларды мемлекеттік монополиядан бәсекелестік ортаға беру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Беру ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларында көзделген объектілердің күрделілік деңгейін төмендету жолымен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, талдау көрсеткендей, жеке сараптама ұйымдары сараптама жүргізу кезінде объектілердің беріктігіне, орнықтылығына және сындарлығына, сондай-ақ құрылыс құнының негізсіз өсуіне әсер ететін бұзушылықтарға жол береді.

Осыған байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар мынадай нұсқалар бойынша 47-қадамды іске асыру тетігін қайта қарау бойынша жұмыс жүргізіп жатыр:

– бюджеттік қаражат және квазимемлекеттік сектор есебінен жобаларды мемлекеттік монополияға қалдыру, жобаларды жеке сарапшылар ұйымынан жеке қаражат есебінен қалдыру;

– барлық күрделі деңгейдегі құрылыс жобаларының сараптамасын мемлекеттік сараптамаға қайтару.

47-қадамды іске асыру тетігін қайта қарағаннан кейін объектілерді күрделілік деңгейіне жатқызу тәртібі тиісті түрде қайта қаралатын болады.

Құрылыс ұйымдарын лицензиялау тәртібін жетілдіру мәселесі бойынша
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру бойынша қабылданған Жол карталары шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауды (көрсетілетін қызметті берушілердің көрсетілетін қызметті алушылармен байланысы алып тасталады) және лицензия алу рәсімін оңайлатуды көздейтін «жобалау қызметіне лицензия беру» және «құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін оңтайландыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар, аталған іс-шаралар шеңберінде өндірістік базаны жалдау мерзімі бөлігінде біліктілік талаптарын қатаңдату, атап айтқанда офисті және/немесе өндірістік базаны бір жылдан астам жалдау шарттарын жасасу көзделген, бұл шарттарды әділет органдарында тіркеу талап етіледі және одан әрі интеграцияланған электрондық деректер қоры арқылы дұрыс ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ қазіргі уақытта Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық жарақтандыруды нақтылауды көздейтін бұйрықтың жобасын әзірледі және пысықтап жатыр.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын объектілерді салу және олардың аумақтарын абаттандыру бойынша конкурстарды бір мезгілде өткізу мәселесі бойынша

«Құрылысқа арналған жобалау құжаттамасын әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және құрамы» деген Қазақстан Республикасының құрылыс нормасына 1.02-03-2011 сәйкес бөлінген учаске шегінде абаттандыру жобалау-сметалық құжаттамаға бөлім ретінде кіреді.

Өз кезегінде, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның 73-бабының 2-тармағына сәйкес салынған объектіні қабылдауды және пайдалануға беруді тапсырыс беруші бекітілген жобаға сәйкес оның толық дайындығы кезінде жүргізеді.

Объекті бойынша құрылыс жұмыстарын және оны абаттандыруға арналған осындай конкурстар бір мезгілде жүргізілетінін көруге болады, өйткені осындай жұмыстар бір жобаға кіреді.

Тікелей құрылыс жұмыстарына қатысты, құрылыс алаңының аумағында объектіні салу кезінде құрылыс материалдары орналастырылатынын, техника қарқынды қозғалыста болатынын атап өтеміз, бұл абаттандыру жұмыстарына зиян келтіреді.

Осылайша, аумақты абаттандыру барлық құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін жүргізілуі қажет.

Жалпы осы мәселелер Үкіметтің бақылауында.

Ж. Қасымбек